4. Мектеп - кеме, ...(білім - теңіз).
5. Күш - білімде, ...(білім - кітапта).
6. Өнер алды - ....(қызыл тіл).
7. Ақыл азбайды, ...(білім тозбайды).
8. Жүз теңгең болғанша, ...(жүз досың болсын).
9. Кітап - ....(алтын қазына).
10. Піл көтермегенді, ...(тіл көтереді).
(әділқазыларға сөз)

3 кезең: «Шешуін тап».
Жұмбақ шешу сайысы,жұмбақтың шешуін тапқаннан кейін орысша аударма сын айту :
1. Қақпақты тарс тарс жабады,
Терезені қағады.
Уілдейді ысқырып,
Қорқытады баланы. (жел-ветер)
2. Тілі бар, үні жоқ,
Өзін адам түсінген.
Жүрегі бар, қаны жоқ,
Сөйлеп тұрған ішінен. (кітап-книга)
3. Қабат қабат қаттама,
Ақылың болса аттама. (кітап-книга)
4. Қимылдаса көп шебер,
Қыруар қыруар іс бітер.(қол-рука)
5. Жүз мүйізі бар,
Үстінде киізі бар. (киіз үй-юрта)
6. Дауысы бар, жаны жоқ,
Шертсең күйі әні көп.
Құлағын он бұра,
Ол не? (домбыра-домбра)
7. Өзі ащы,
Бірақ дәмді етер асты. (тұз-соль)
8. Қара сиырым қарап тұр,
Қызыл сиырым жалап тұр. (қазан-казанок)
9. Жылт жылт етеді,
Жылғадан өтеді. (су-вода)
10. Қолы жоқ сурет салады,
Тісі жоқ тістеп алады. (аяз- мороз)
(әділқазыларға сөз)

4 кезең: «Жаңылтпаш айтып жарысу».
Тез, дұрыс айту.
1. Тақпақ жаттап, Айтсақ жақсы ақ.
Жатқа тақпақ, жатта тақ тақ.
2. Ата мен әже, ана да,